

Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлем туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.05.16 N 1572 Жарлығымен.

Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылында Қазақстан Республикасының азаматтарын - қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің 1945 жылдың 3 қыркүйегінен 1993 жылдың 20 қаңтарына дейінгі кезеңде әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғау туралы заңдарда белгіленген сақтандыру сомаларын алмаған ата-аналарын, асырап алушыларын, қамқоршыларын әлеуметтік қолдау мақсатында қаулы етемін:

1. Бір жолғы төлем төлеу:

шақыру бойынша әскери қызметін өткеру кезеңінде қаза тапқан немесе алынған жарақаттың, контузияның, зақымның, науқастың зардабынан әскери қызметтен босағаннан кейін қайтыс болған (олар құқыққа қарсы әрекеттері салдарынан қайтыс болған оқиғаларды қоспағанда) әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына "1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген есептік көрсеткіштің осы Жарлық күшіне енген күнгі 150 еселенген көлемі мөлшерінде;

әскери қимылдарда қаза тапқан, қайтыс болған (олар құқыққа қарсы әрекеттері салдарынан қайтыс болған оқиғаларды қоспағанда) әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына "1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген есептік көрсеткіштің осы Жарлық күшіне енген күнгі 200 еселенген көлемі мөлшерінде жүргізілсін.

2. Былай деп белгіленсін:

1) екі немесе одан көп әскери қызметшілер қаза тапқан, қайтыс болған жағдайда бір жолғы төлем төлеу әрбір әскери қызметші үшін жүргізіледі;

2) қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарының, асырап алушыларының, қамқоршыларының қайтыс болуына байланысты төленбеген бір жолғы төлем мұраға қалдырылмайды.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 10 күндік мерзімде бір жолғы төлем төлеуді жүзеге асырудың тәртібін

б е к і т е т і н

б о л с ы н ;

2) осы Жарлықта көзделген бір жолғы төлем төлеуді республикалық бюджеттің қаражаты есебінен 1997 жылдың аяғына дейін жүзеге асырсын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК